

**Әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және  
еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық  
ұшжақты комиссия отырысының  
ХАТТАМАСЫ**

Астана қ.  
наурыз

2024 жылғы 1

**Төрағалық етті:** Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары  
Т.Б. Дүйсенова

**Қатысқандар:** РҮК мүшелері және шақырылған адамдар  
(тізім бойынша)

**1. Еліміздің кәсіпорындарындағы ағымдағы ахуал туралы**

*(Дүйсенова, Сарбасов, Дәулеталин, Абиханов, Құлжанов)*

1. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министрі А.Ә. Сарбасовтың, Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары Қ.Ж. Құлжановтың, Кәсіподақтар федерациясының төрағасы С.Т. Дәулеталиннің, «Paryz» Қазақстан Республикасының жұмыс берушілердің (кәсіпкерлердің) Ұлттық конфедерациясы» ЗТБ бас директоры А.Қ. Абихановтың еңбек қатынастарын реттеу мәселелері жөніндегі ақпараты назарға алынсын.

**2. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі:**

1) Комиссияның әрбір отырысында тыңдалымды қамтамасыз ету жолымен отырыстарды өткізу форматын қайта қарасын:

- республикалық кәсіподақ бірлестіктерінің *(келісу бойынша)* және жұмыс берушілердің республикалық бірлестіктерінің *(келісу бойынша)* әлеуметтік-еңбек саласындағы ағымдағы ахуал туралы;

- ірі кәсіпорындардың басшыларының кәсіпорындағы жағдай туралы, оның ішінде сапалы және қауіпсіз жұмыс орындарын құру бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы.

**3. Маңғыстау облысының әкімдігі:**

1) аумақтық прокуратура, ішкі істер органдарымен, кәсіподақтар бірлестіктерімен *(келісу бойынша)* және «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ өкілдігімен *(келісу бойынша)* бірлесіп өңірде еңбек жанжалдарының туындау тәуекелі бар кәсіпорындарда кешенді шаралар қабылдасын;

2) облыс тұрғындарының әлеуметтік әл-ауқатын жақсарту және наразылық белсенділігін төмендету үшін Маңғыстау облысын дамытудың кешенді жоспарын іске асыруды қамтамасыз етсін.

4. **Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдері** ұжымдық еңбек дауларының түрлі тәуекел дәрежесі бар кәсіпорындарды міндетті түрде тыңдай отырып, өздерінің төрағалығымен өңірлік үшжақты комиссиялардың отырыстарын өткізуді қамтамасыз етсін.

## **2. Ең төмен жалақы мөлшерін айқындау әдістемесінің жобасы туралы**

*(Дүйсенова, Сарбасов, Дәулеталин, Машкенов, Радостовец)*

1. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министрі А.Ә. Сарбасовтың, Кәсіподақтар федерациясының төрағасы С.Т. Дәулеталиннің, «Қазақстан Еңбек конфедерациясы» РКБ бас хатшысы М. Р. Машкеновтің, «Тау-кен өндіру және тау-кен металлургия кәсіпорындарының республикалық қауымдастығы» ЗТБ атқарушы директоры Н.В. Радостовецтің ең төмен жалақы мөлшерін айқындау әдістемесінің жобасын әзірлеу бойынша жүргізілген жұмыстар туралы ақпараты назарға алынсын.

2. Айлық жалақының ең төмен мөлшерін айқындау әдістемесінің жобасы мақұлдандын.

## **3. Қазақстан Республикасының Үкіметі, жұмыс берушілердің республикалық бірлестіктері (қауымдастықтар, одақтар) және кәсіптік одақтардың республикалық бірлестіктері (қауымдастықтар, одақтар) арасындағы 2024 – 2026 жылдарға арналған Бас келісімнің жобасы туралы**

*(Дүйсенова, Сарбасов, Дәулеталин, Абиханов)*

1. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министрі А.Ә. Сарбасовтың, Кәсіподақтар федерациясының төрағасы С.Т. Дәулеталиннің, «Рауыз» Қазақстан Республикасының жұмыс берушілердің (кәсіпкерлердің) Ұлттық конфедерациясы» ЗТБ бас директоры А.К. Абихановтың Бас келісім жобасын әзірлеу бойынша жүргізілген жұмыстар туралы ақпараты назарға алынсын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі, жұмыс берушілердің республикалық бірлестіктері (қауымдастықтары, одақтары) және кәсіптік одақтардың республикалық бірлестіктері (қауымдастықтары, одақтары) арасындағы 2024 – 2026 жылдарға арналған Бас келісімнің жобасы мақұлдандын.

3. Әлеуметтік әріптестік тараптары республикалық деңгейде Бас келісімнің ережелерін орындауды қамтамасыз етсін.

4. **Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері жұмыс берушілер бірлестіктерімен (келісу бойынша) және кәсіподақ бірлестіктерімен (келісу бойынша) бірлесіп** Бас келісімге сәйкес салалық және өңірлік келісімдерге өзгерістер мен толықтырулар енгізсін немесе жаңасын жасассын.

5. **Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері жұмыс берушілер бірлестіктерімен (келісу бойынша) және кәсіподақтар бірлестіктерімен (келісу бойынша) бірлесіп** Бас келісімнің ережелеріне сәйкес республиканың өңірлерінде, кәсіпорындары мен ұжымдарында тұрақты ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізсін.

6. **Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі** бір ай мерзімде Бас келісімді іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлесін және қабылдасын.

7. **Мүдделі мемлекеттік органдар мен облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері, жұмыс берушілер бірлестіктері (келісу бойынша) және кәсіподақтар бірлестіктері (келісу бойынша) 2024 жылғы 10 сәуірге дейін Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне** осы хаттама тапсырмаларының орындалуы туралы ақпарат берсін.

8. Осы хаттаманың орындалуын бақылау Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне жүктелсін.

**Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары**

**Т. Дүйсенова**

Подпись канцелярии

06.03.2024 18:51 СЕРИКБАЕВА НУРСУЛУ

Подпись руководителя

05.03.2024 17:32 ДҮЙСЕНОВА ТАМАРА



<b>Тип документа</b>	Входящий документ
<b>Номер и дата документа</b>	№ Д-766//16-04/Б-407 от 06.03.2024 г.
<b>Организация/отправитель</b>	АППАРАТ ПРАВИТЕЛЬСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
<b>Получатель (-и)</b>	МИНИСТЕРСТВО ТРУДА И СОЦИАЛЬНОЙ ЗАЩИТЫ НАСЕЛЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе.